

"Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі. 2003 жылғы 27 қаңтар N 11-ө

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының мүлкінен мыналарды: жұмыс паркінен 3 799 (үш мың жеті жүз тоқсан тоғыз) жартылай вагонды, жұмыс істемейтін парктен 1 450 (бір мың төрт жүз елу) жартылай вагонды, 691 (алты жүз тоқсан бір) жентек тасығышты, 700 (жеті жүз) цемент тасығышты, Екібастұздың N 16 вагон пайдалану депосын (ВЧД - 16), "Железрудненск вагон жөндеу депосы" жөндеу базасын бағалау құны бойынша сатуды қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі мен "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамы осы өкімнен туындайтын шаралар қабылдасын.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ.Мәсімовке жүктелсін.

Премьер-Министр